

2019 жылға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті білім және ғылым саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарының 1-тармағы бойынша анықтама

18 қараша 2019 жыл

Талдықорған қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңының 8 бабына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» №12 бұйрығына сәйкес, Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің (*бұдан әрі-Департамент*) қызметіне ішкі талдау жүргізілді.

Тексерілген кезең: 2018 жыл.

I. Мемлекеттік мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау

Департамент қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді зерделей келе, келесідей фактілер анықталды:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы бойынша:

1) Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 30-бабы 2-тармағында: *«Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектеп алды даярлық түрінде бес жасстан бастап жүзеге асырылады»,* - делінсе, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасында: *«Жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбына (6-7 жастағы балалар) қабылданады»,*- деп жазылған.

Яғни, ҚР-ның Білім туралы Заңы мен ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының талаптары әр-түрлі.

2) Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 26-бабы 10-тармағында: *«Рухани (діни) білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау орта білімі бар адамдар арасынан құрылтайшы белгілеген тәртіппен жүзеге*

асырылады», - деп көрсетілген. (Рухани (діни) білім беру ұйымдары – дін қызметшілерін даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары). Алайда, рухани білім беретін арнайы оқу орындары оқуға негізгі орта біліммен де қабылдап жатыр, себебі олардың кодтары 011201 3, 011202 3 «имам хатиб» және «ислам негізінің мұғалімі» деген біліктіліктері бар коды 0112000 «ислам тану» мамандығы Қазақстан Республикасы БҒМ «Сыныптауышқа сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» 02.03.2017 жылғы №97 бұйрығымен бекітілген тізбеде бар. (Мысалы, Алматы облысы Қарасай ауданы Үшқоңыр ауылында орналасқан «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің «Үшқоңыр медресе колледжі» жеке мекемесі).

Яғни, ҚР-ның Білім туралы Заңы мен ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 02 наурыздағы № 97 бұйрығының талаптары арасында сәйкессіздік бар.

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы мемлекеттік мекеме штаты

Штаттық кесте шегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысының міндетін атқарушысының 2018 жылдың 9 тамызындағы №189-к бұйрығына сәйкес Департаменттің құрылымы мен штаттық саны 13 бірлікті құрайды, нақты 12 адам жұмыс жасайды, 1 бос орын бар, білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы Касылбеков К.К., өз еркімен осы жылдың 16 қыркүйегінен бастап қызметін босатылған.

Конкурс бойынша-Талдау уақыты аралығында Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаменті 2019 жылдың 21 қазаны күні (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаменті білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маман, С-О-5 индекс 02-6, (1 бірлік)) хабарландыруы ілініп, осы жылдың 28 қазаны күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 24 қазандағы №845-К «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымын өзгерту жұмыстарын жүргізу туралы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 25 қазандағы №734 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің және аумақтық білім саласындағы бақылау департаменттерінің құрылымын өзгерту жұмыстарын жүргізу туралы» бұйрықтарына сәйкес бос орынға жарияланған конкурс тоқтатылған. Ауысу тәртібімен қызметке тағайындау бойынша-Талдау уақыты аралығында ауысу тәртібімен мемлекеттік әкімшілік қызметшілер қызметке тағайындалмаған.

Ант қабылдау бойынша-Департаментте мемлекеттік қызметке жаңадан тағайындалған қызметкердің құжаттары арнайы тексеруге өткізілді, ант қабылдамады.

Міндетті арнайы тексеруден өту тәртібін сақтау-Тексеру барысында қызметкерлердің жеке істерінде міндетті арнайы тексеру нәтижелері толығымен тігілген, міндетін атқарушы болып қабылданған тұлғалардың құжаттары міндетті арнайы тексеруге уақытылы жолданылған.

Мүдделер қақтығысы мәселелері

Мүдделер қақтығысы мәселелері-Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмағандығы анықталды.

Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған.

Мемлекеттік мекемеде ерлі-зайыптылар, қызметкерлердің бір біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

Департаменттің мемлекеттік сатып алу рәсімінің жүргізілуін қамтамасыз ету білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы Н.К.Джумажановаға жүктелген. Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай электронды порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алудың 2019 жылға бекітілген жылдық жоспарында тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға барлығы 3 752,8 мың теңге (ҚҚС есебінсіз) көлемінде сома бекітілген. Жылдық жоспар бойынша мемлекеттік мекеменің негізгі функцияларын қамтамасыз ету мақсатында қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды ҚР-ның 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңын басшылыққа ала отырып, баға ұсыныстарын сұрату және бір көзден алу тәсілдерімен сатып алу жүзеге асырылуда, сондай-ақ, ағымдағы жылы байланыс қызметіне электрондық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізілген.

Мемлекеттік сатып алу шарттары, шот-фактура, жөнелтпе құжаттары электронды нысанда рәсімделеді. Талдау барысында мемлекеттік сатып алу кезеңінде лауазымды тұлғалардың бірігуі, белгілі бір тұлғалардың мүдделерінің жақталуының орын алуы, алдын ала сөйлесу, сөз байласу тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері ашықтық, жариялылық, барлық тараптарға теңдік дәреже принципіне негізделіп ҚР-ның «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының қағидаларына негізделген.

Талдау барысында әлеуетті өнім берушілердің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жегжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болған, не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылатын тәуекелдер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібін сақтау

- Департаментте талдау уақыты аралығында қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылмаған.

Сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау

- Департамент қызметкерлерімен мүліктері сенімгерлік басқаруға берілмеген, яғни қызметшілердің жеке істерінде сенімгерлік басқаруға бергендігі туралы ешқандай мәліметтер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талабын сақтауы

- Департаменттің кіре-беріс дәлізінде мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) мәтіні мемлекеттік және ресми тілде баршаға көрінетін жерде орналастырылған. Әдеп Кодексінің бақылау кітабы арналған, сенім телефоны орнатылған. Әдеп кодексінің бақылау кітабында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын бұзу фактісі тіркелмеген.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары негізінде Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында қайта даярлау курсына 5 маман өткен (А.Кулахметова, Г.Исағалиева, Г.Сарсимбекова, А.Муканова, Р.Сайдғариева).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаменті тарапынан 2 мемлекеттік қызмет жүзеге асырылады:

- 1) электрондық нысанда «Е-лицензиялау» МДК;
- 2) қағаз және электрондық нысанда «Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою».

«Е-лицензиялау» мемлекеттік қызметі туралы ақпарат:

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 57 бабына, 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 29 бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына сәйкес білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу

жұмыстары заңмен белгіленген уақытта жүргізілуде.

Алматы облысының білім беру мекемелеріне «Білім беру қызметін лицензиялау» мемлекеттік қызметі электронды «elicense.kz» ақпараттық жүйе арқылы Білім және ғылым министрінің 25.04.2015 жылғы №204 бұйрығымен (ҚР БҒМ 25.03.2016 жылғы №218 бұйрығы) бекітілген «Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

2019 жылдың 10 айында департаменттің «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасында тіркелген 282 өтінішке мемлекеттік қызмет көрсетілсе, олардың 29-ы лицензия алуға, 132-і лицензияға қосымша алуға, 121-і лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге. Қорытындысында 10 заңды тұлғаға лицензия, 14 заңды тұлғаға түрлі біліктіліктер бойынша 48 лицензияға қосымшалар беріліп, 97 заңды тұлғаның лицензиялары және (немесе) лицензияға қосымшалары қайта ресімделді. Қалған 127 өтінішке білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес келмегендіктен дәлелді бас тартылды.

Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарынан тіркелеген 170 өтінішке мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның ішінде лицензия алуға-10, лицензияға қосымша алуға-130, лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге-30. Қорытындысында 2 колледжге лицензия, 12 колледжге 46 біліктілік бойынша лицензияға қосымшалар беріліп, 21 колледждің лицензиялары және (немесе) лицензияға қосымшалары қайта ресімделді, дәлелді бас тартылғаны-101.

Жалпы білім беретін мектептерден тіркелген 112 өтінішке мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның ішінде лицензия алуға-19, лицензияға қосымша алуға-2, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге-91. Нәтижесі бойынша білім беру қызметімен айналысу үшін 8 заңды тұлғаға лицензия, 2 заңды тұлғаға лицензияға қосымша берілсе, 76 мектептің лицензиясы және лицензияға қосымшалары қайта ресімделді, дәлелді бас тартылғаны-26.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталда өтініш тіркелген сәттен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алу 30 жұмыс күн, лицензияны немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қаралады, ұсынылған құжаттар толықтай тексеріліп, рұқсаттық бақылау жұмысы жүргізіледі. Лицензиялау комиссиясының отырысы өткізіліп, біліктілік талаптары сәйкес болған жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы бұйрық шығарылады, ал сәйкессіздік анықталған жағдайда дәлелді бас тарту туралы жауап беріледі. Департамент тарапынан Мемлекеттік қызмет көрсету барысында дәлелді бас тартудың негізгі себептері, қызмет алушылар тарапынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 28.12.2017 жылғы №657 бұйрығы) Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті

растайтын құжаттардың тізбесін толтыруда кемшіліктер жіберулерінен туындауда.

Ағымдағы жылдың 10 айында білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жұмыстары бойынша түскен өтініштердің **55 пайызы қанағаттандырылды**. Білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру жұмыстары бойынша мемлекеттік көрсетілген қызмет орта есеппен **10 күнді** құрады. Есептік кезеңде ЕЛ ММБ ақпараттық жүйесі ақаусыз жұмыс істеді.

Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою» мемлекеттік қызметі туралы ақпарат:

Департамент «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» (әрі қарай - Стандарт) мемлекеттік қызметін көрсетеді. Стандарт Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 87 бұйрығымен бекітілген. Регламент «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы №528 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 8 маусымдағы №267 бұйрығымен бекітілген.

Департамент Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою» мемлекеттік қызметін 2017 жылдың 19 маусымынан бастап электронды «ИИС ЦОН ГО порталы арқылы» және қағаз түрінде қатаң Заңнамаға сәйкес жүзеге асырады. Барлық мемлекеттік қызметтер түрлері электронды және қағаз түрінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметті көрсету стандарттары мен регламенттері ғимараттың дәлізінде стендте орналасқан.

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша стандартпен көзделмеген құжаттарды талап ету, қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

Департаментке 2019 жылдың 10 айында білім туралы құжаттарды апостильдеу бойынша тіркелген 277 құжаттың 268 апостильденді, 9 дәлелді бас тартылды. Апостильденген 268 құжаттар бойынша:

- жоғары білім туралы – 116;
- жалпы орта білім бойынша – 117;
- кәсіптік-техникалық білім бойынша – 32;
- анықтама-3.

Елдерге кету картасы:

- Оңтүстік Кореяға – 111;
- Германияға- 10;

- Түркияға - 39;
- Польшаға - 25;
- Чехияға - 30;
- Ресейге - 7;
- АҚШ - 11;
- Литваға - 3;
- Италияға - 7;
- Словакияға - 6;
- Словенияға - 1;
- Грецияға - 4;
- Португалияға - 2;
- Бельгияға - 4;
- Израильге - 1;
- Францияға - 3;
- Норвегияға - 1;
- Нидерландияға - 1;
- Румынияға - 1;
- Әзербайжанға - 1.

Департамент тарапынан білім беру саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі туралы түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіліп, тиісті әдістемелік нұсқамалар берілуде. Департаменттің интернет-ресурсында мемлекеттік қызмет көрсету (білім беру қызметіне лицензия беру, білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою) тәртібі туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде мемлекеттік және орыс тілдерінде инфографика, мемлекеттік орган көрсететін қызметтер бойынша стандарт пен регламенті, сол сияқты, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №204 бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне лицензия беру» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес «Е-лицензиялау» порталында білім беру қызметімен айналысуға мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есептер, нұсқаулықтар, лицензиялық комиссияның отырыстары департаменттің арнайы ресми интернет-ресурсына орналастырылған.

Электрондық Үкіметтің (egov.kz) порталында мемлекеттік көрсетілетін қызметке (білім беру қызметіне лицензия беру, білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою) қол жеткізу үшін белсенді сілтемелер орнатылған. «Білім беру қызметін лицензиялау» және «Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою» көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандарты және тәртібі мекеме ішінде арнайы ақпараттық

стендтерде орналасқан. Департаментте мемлекеттік қызметтерді көрсетуде қызметті алушылармен тікелей байланыс шектелген.

Бақылау функциясын іске асыру

Алматы облысының білім саласындағы бақылау департаменті туралы Ережеде департаменттің негізгі міндеттеріне білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру, білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою, білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасы заңнамаларының және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізу, білім беру сапасын сырттай бағалау әдісімен білім беру мониторингін жүргізу кіретіндігі көрсетілген.

Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаменті бекітілген жоспарына сәйкес 2019 жылдың бүгінгі күнге дейін 54 білім беру мекемелерінде, оның ішінде 1 колледж, 49 мектеп, 4 балабақшада профилактикалық бақылау жүргізді. Профилактикалық бақылау барысында 54 білім беру мекемелерінде білім беру саласындағы *заңнама* талаптарында бұзушылық анықталып, 54 білім беру мекемелеріне нұсқама берілді.

Білім саласындағы бақылау департаменті тарапынан Республика көлемінде өзекті мәселе болып табылатын облыстағы үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептердің мониторингісі үнемі жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы 3 ауысымда 38 мектеп оқу үрдісін жүргізді, оның ішінде Еңбекшіқазақ ауданында – 4, Жамбыл ауданында – 5, Іле ауданында- 15, Қарасай ауданында- 11, Ұйғыр ауданында -1, Талғар ауданында- 2 мектеп. 3 ауысымда оқитын мектептердің контингенті – 54188 оқушы, 3 ауысымда 7557 бала оқытылды.

Облыстағы 3 білім беру ошағы 2019-2020 оқу жылын апатты жағдайда бастады: Панфилов ауданында Ш.Байбатшаев атындағы орта мектеп, Крылов атындағы орта мектеп, Шежін орта мектебі. Алматы облысының білім басқармасы аталған мектептердің апатты жағдайын анықтаған техникалық қорытындысы туралы фактісін назарға алмай, жергілікті атқару органдарының есепті мәліметтері бұрмаланып, облыста апатты мектептер жоқ деп жалған ақпарат көрсетілген. Ал аталған апатты мектептерде толыққанды оқу үрдісін жүргізу жағдайы жасалынбаған. Одан басқа мониторинг жүргізу барысында облыс бойынша 24 мектеп күрделі жөндеуді қажет ететіні анықталды.

Алматы облысының білім саласындағы бақылау департаменті тарапынан облыс, аудан әкімдері орынбасарлары қатысуымен өтетін жиналыстарда өзектілігі басым үш ауысымда оқитын және апатты мектептердің мәселесі көтеріліп, оқушыларға білім алуға оңтайлы жағдай жасау жолында нақты шараларды қолдану қажеттілігі туралы дәйектер баяндалған.

2019 жылғы барысында Департамент өткізген бақылау шараларының қорытындылары туралы облыс әкіміне 2, облыс әкімінің орынбасарына 3, аудан (қала) әкімдеріне 3, облыстық білім басқармасына 6 хат жолданған.

Іс-құжаттарын жүргізу

Мемлекеттік қызметкерлердің жеке іс-құжаттары талаптарға сәйкес қызметтік тізімдері, өтініштері, білім туралы құжаттары, еңбек кітабының көшірмесі, дәрігерлік анықтама және бұйрықтардың көшірмелері толықтырылып жинақталған. Салық декларациясын тапсырғандығы жөніндегі анықтамалары, мемлекеттік қызметкерлердің қызметте болуға байланысты шектеулері толтырылып қол қойылған, арнайы тексерудің анықтамасы және қызметкерлердің анты толтырылып тігілген.

Департаменттің 12 қызметкерінің қылмыстық, әкімшілік, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны немесе тартылмағаны, әрекетке қабілетсіз деп танылғаны/танылмағаны туралы деректерді анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы облысы бойынша басқармасына сұраныс жіберіліп, сұраныс бойынша мәліметтің жоқтығы туралы жауап алынды.

Қызметкерлердің кірістері туралы декларация наурыз айында 100 пайыз тапсырылуы анықталды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша:

2019 жылдың 10 айында департаментке 51 өтініш тіркелді. Оның ішінде 17 арыз құзырлы органдарға жолданды, 21 арыз бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді, 9 арыз иесіне жауап беріліп, иесі бүркемеленген 4 арыз қараусыз қалдырылды. Жүргізілген жоспардан тыс тексерулер қорытындысы бойынша 8 арызда көрсетілген уәждер өз дәлелін тауып, 13 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде:

- ӘҚК 409 бабының 1 бөлімі бойынша 2;
- ӘҚК 409 бабының 3 бөлімі бойынша 1;
- ӘҚК 409 бабының 4 бөлімі 1 тармағы бойынша 5;
- ӘҚК 409 бабының 6 бөлімі бойынша 4;
- ӘҚК 409 бабының 7 бөлімі бойынша 1;

Кінәлі тұлғаларға 170 АЕК (429250 теңге) мөлшерінде айыппұл салынды.

Басқа да мәселелер

Департаменттің мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне қойылатын біліктілік талаптар жинағы 2018 жылдың 25 тамызында бекітіліп, оған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Алматы

облысы бойынша департаментімен 2018 жылдың 25 тамызында келісім берілген. Тексеру барысында барлық мемлекеттік қызметшілердің қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі анықталды.

Бас маман



М.Корганбаев

Бас маман

Г.Жумалиева

Бас маман



Г.Сарсимбекова